

**"Болашақ" халықаралық стипендиясы стипендиатының  
міндеттемелерін орындау кезінде жылжымайтын мүлік кепілін  
тоқтату туралы хабарлама беру**

<b>Мемлекеттік орган</b>	ҚР Білім және ғылым министрлігі
<b>Қызметті алушылар</b>	жеке тұлғалар
<b>Қызмет көрсету орны</b>	"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕ АҚ, "Халықаралық бағдарламалар орталығы" АҚ, "электрондық үкіметтің" веб-порталы
<b>Қызметті көрсету мерзімдері</b>	көрсетілетін қызметті алушы қажетті құжаттарды тапсырған күннен бастап: 1) көрсетілетін қызметті берушіге – 7 (жеті) жұмыс күні; 2) Мемлекеттік корпорацияның: Нұр-Сұлтан қаласы бойынша – 7 (жеті) жұмыс күні (құжатты қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді), облыстар, Алматы және Шымкент қалалары бойынша – 11 (он бір) жұмыс күні (құжатты қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді). 3) порталға жүгінген кезде – 7 (жеті) жұмыс күні.
<b>Қызмет құны</b>	Тегін

## Құжаттар тізбесі

Көрсетілетін қызметті алушы (немесе нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде: еркін нысандағы өтініш; еңбек кітапшасының көшірмесі (кадрлық қызметімен куәландырылған) немесе еңбек қызметінің кезеңдері, лауазымы (-дары) көрсетілген жұмыс орнынан анықтаманың (-лардың) тұпнұсқасы (-лары); көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат (тұлғаны сәйкестендіру үшін талап етіледі); көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден және дерекқорлардан алған талап етілген жұмыс кезеңі үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысы қаражатының түсуі және қозғалысы туралы, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы мәліметтер. Мемлекеттік корпорацияға: еркін нысандағы өтініш; көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат (тұлғаны сәйкестендіру үшін талап етіледі); еңбек кітапшасының көшірмесі (кадрлық қызметімен куәландырылған) немесе еңбек қызметінің кезеңдері, лауазымы (-дары) көрсетілген жұмыс орнынан анықтаманың (-лардың) тұпнұсқасы (-лары). Мемлекеттік корпорация қызметкері көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) мен оның техникалық сипаттамалары туралы анықтамаларды, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысы қаражатының түсуі және қозғалысы туралы ақпаратты тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады және көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін қағаз тасымалдағышта шығарады. Мемлекеттік корпорация қызметкері мемлекеттік қызмет көрсету кезінде, Қазақстан Республикасы заңдарында өзгеше көзделмесе, ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді пайдалану үшін көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады. порталға: көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлік қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электронды құжат түріндегі немесе көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланыс операторы берген абоненттік нөмірі порталдың есептік жазбасына тіркелген және қосылған жағдайда бір реттік парольмен куәландырылған электрондық сауал; еңбек кітапшасының (кадрлық қызметімен

куәландырылған) электрондық көшірмелері немесе еңбек қызметінің кезеңдері көрсетілген жұмыс орнынан анықтама (-лар) (PDF форматында); көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден және дерекқорлардан алған талап етілген жұмыс кезеңі үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысы қаражатының түсуі және қозғалысы туралы, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы мәліметтер. Көрсетілген құжаттардағы ақпарат мемлекеттік ақпараттық жүйелерде расталған кезде, көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) мен оның техникалық сипаттамалары туралы анықтамаларды, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысы қаражатының түсуі және қозғалысы туралы ақпаратын ұсыну талап етілмейді. Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат, талап етілген жұмыс кезеңі үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысы қаражатының түсуі және қозғалысы туралы (зейнетақы аударымдары туралы көшірме) мәліметтерді, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) мен оның техникалық сипаттамалары туралы анықтамаларды көрсетілетін қызметті беруші "электронды үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісім береді.

### **Қызмет көрсету нәтижесі**

"Болашақ" халықаралық стипендиясы стипендиатының міндеттемелерін орындау кезінде жылжымайтын мүліктен ауыртпалықты алу үшін сенімхат пен хат не "Болашақ" халықаралық стипендиясы стипендиатының міндеттемелерін орындау кезінде жылжымайтын мүлік кепілін тоқтату туралы хабарлама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларының 8, 10-тармақтарында, сондай-ақ осы стандарттың 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелері порталда көрсетілетін қызметті алушыға жіберіледі және "жеке кабинетінде" сақталады.

### **Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020730>

